

Жалпы білім беретін №40 орта мектептің жалпы ата-аналар жиналысының ХАТТАМАСЫ

20.09.2021 ж.

Атырау қаласы

Форматы: онлайн, ЗУМ форматында

Қатысқандар: 189

Жиналыс төрайымы
Хатшы

Ж.Атчибаева
М.Есниязова

Күн тәртібінде:

1. Жаңа 2021-2022 оқу жылының басталуы, ішкі ережелер
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Қамқоршылық кеңес құрамын сайлау
4. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау жұмыстары

Жиналысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұлдай Мутиева ашып, жиналысқа қатысушыларға күн тәртібіндегі мәселелерді таныстырды. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша сөз алған тәрбие ісі орынбасары жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, мектептегі ішкі ережелерді атап өтті. Мектептің ішкі ережесі мектеп оқушыларына арналған оқу кестесін, мектеп формасы мен жалпы сырт пішінге арналған бірыңғай талапты, оқушының және оның ата – анасы немесе заңды өкілінің міндеті мен құқығын, мектеп ғимараты мен айналасындағы тәртіпті, сонымен қатар мектептен тыс іс – шараларды белгілейтінін түсіндірді.

Жаңа оқу жылының басында жылдағы дәстүрге сай мектепшілік ата-аналар комитетін сайлау үрдісі өтті. Күн тәртібіндегі екінші мәселе – ата-аналар комитетінің құрамын жаңарту бойынша тәрбие ісі орынбасары Ұлдай Камалиденқызы сөз алып, былтырғы оқу жылындағы ата-аналар комитетінің құрамы биылғы жылы өзгертінін айтып өтті. Себебі былтырғы ата-аналар комитеті құрамында болған ата-аналардың балалары мектеп бітіріп, жоғарғы оқу орындарына аттанды. Жиналыс барысында белсенді, мектеппен тығыз байланыста жұмыс жасап жүрген ата-аналардың аты-жөндері жарияланып, көпшіліктің шешімімен Венера Гайсина, Салтанат Ихсанова, Мейрамгүл Кубиева, Асылбек Жексеновтер, Ақмарал Ерболова таңдалды. Аталған ата-аналардың ішінен Венера Гайсина комитет төрайымы, қалған ата-аналар мүшелері болып бірауыздан қолдауға ие болды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе – мектепшілік қамқоршылық кеңесінің құрамын сайлау. Бұл мәселе бойынша да тәрбие ісі орынбасары Ұлдай

Камалиденқызы сөз алды. Ол өз сөз кезегінде қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттерін таныстырып өтті. Мектеп бойынша жұмыс атқаратын Кеңестің негізгі мақсаты – білім беру ұйымына қолдау көрсету және мектеп жұмысына қоғамдық бақылау жүргізу екенін атап, қамқоршылық кеңес мүшелері білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттары бойынша жәрдемдесу, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларға қолдау көрсету, білім беру ұйымы қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізуге ықпал ету екенін атап өтті. Жиналыс барысында Қамқоршылық кеңес құрамын сайлауға мектеппен, қоғаммен тығыз байланыста жұмыс жасап жүрген ата-аналар таңдалды. Олардың қатарынан Бақытгүл Харисова кеңес төрайымы және Баян Жанұзақова оның орынбасарлығына ұсынылып, Айзада Коскалиева, Гүлфиса Абдрахманова, Асель Шарипова, Айдана Төлесова, Айсұлу Рахманова, Гүлшат Мыңжасарова, Альфия Тулеуова кеңес мүшелері болып қалатын болды.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша Атырау қаласы Полиция басқармасының Жергілікті полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Орнабиденова Ақбота Қизатоллақызы мен полиция лейтенанты Жақаш Нұртілек Наурызұлы ата-аналарға балаларының беймезгіл уақытта көшеде жүрмеуі және тұрғындардың мазасын алмау жөнінде түсіндірме жұмысын жасады. Негізгі мақсат – ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп, оны құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Беймезгіл уақытта жүрген мектеп жасындағы балаларға тексеру барысында ең бірінші кезекте ата-аналарына ескерту берілетінін, екінші кезекте айыппұл салынатыны жөнінде айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер толықтай қаралып болған соң жиналысқа қатысушылар бірауыздан шешім шығарды.

ШЕШІМ:

1. 2021-2022 оқу жылында балаларының мектептің ішкі ережесіне бағыну жөнінде (мектеп формасын сақтау, сабақтан кешікпеу, себепсіз қалмау, т.с балаларына түсіндірме жұмыстарын жүргізу және оқушының мектептегі тәртіпті қатаң сақтауын қадағалау ата-аналарға жүктелсін.
2. Мектепшілік ата-аналар комитетінің құрамы төмендегідей сайлансын:

Ата-аналар комитетінің төрайымы – Венера Гайсина

Мүшелері – Асылбек Жексенов

Салтанат Ихсанова

Мейрамгүл Кубиева

Ақмарал Ерболова

3. Мектепшілік Қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегідей сайлансын:

Қамқоршылық кеңес төрайымы – Бақытгүл Харисова Имантаевна

Кеңес төрайымының орынбасары – Баян Жанұзақова

Мүшелері – Айзада Қосқалиева

Гүлфиса Абдрахманова

Асел Шарипова

Айдана Төлесова

Айсұлу Рахманова

Гүлшат Мыңжасарова

Альфия Тулеуова


Оқушылардың түнгі уақытта көшеде беймезгіл жүрмеуін, қоғамдық орындарда құқықбұзушылық орын алдырмауын қадағалау және балаларына түсіндірме жұмыстарын жүргізу ата-аналарға міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:



Ж.Атчибаева

Хатшы:



М.Есниязова